

**Қ.А Ясауи атындағы қазақ түрік халықаралық
университеті**

ФИЛОСОФИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Орындаған: Қайназарова А
Тексерген: Садуов Б**

Түркістан 2015





мақсаты:

- **Студенттерді философияның негізгі мәселерімен таныстыру.**

Дәріс ЖОСПАРЫ:

- 1. «Адам –дүние» қатынасы болмыс құрамындағы іргелі қатынас ретінде .
- 2. Онтология болмыс туралы ілім ретінде ,онтология мәселелері
- 3. Онтологияның негізгі типтері. болмыс және болмыс емес мәселесі
- 4. Болмыс адам болмысы хақында ,адам болмысының заттар дүниесінен принципті айырмашылығы

Қазіргі заманғы философияның басты бөлімдері

Онтология (болмыс ілімі)

Гносеология (таным туралы ілім)

Антропология (адам туралы ілім)

Аксиология (құндықтар туралы ілім)


Этика (мораль туралы ілім)


Логика (ойлау заңдары туралы ілім)

*Эстетика (сұлулықтың заңдары мен
канондары туралы ілім)*



*Аталған бөлімдер бойынша қарастырылатын
сұрақтар:*


- *болмыс мәні;*
 - *болмыстың шығуы;*
 - *материя, оның формалары;*
 - *материя мен сананың өзара қатынасы;*
 - *бейсаналық;*
 - *адам, адам тіршілігі,*
 - *тіршілік мәні;*
 - *адамның рухани өмірі,*
 - *жан; қоғам; қоғам және адам;*
 - *табиғат; табиғат және қоғам;*
 - *қоғам өмірінің рухани саласы;*
- 

- 
- қоғам өмірінің материалды экономикалық саласы;
 - қоғамның әлеуметтік сферасы;
 - қоғамдық экономикалық формациялар,
 - өркениеттер;
 - Адам, қоғам келешегі;
 - экология, амандық мәселелері;
 - таным ерекшеліктері;
 - танушы субъекттің таным процесіне ықпалы және оның нәтижелер;
 - таным шектілігі мен шексіздігі;
 - қозғалыс; философиялық ұғымдар;
 - диалектика және оның заңдары; басқа да сұрақтар;



Философияның негізгі сұрағы

**Философияның
дәстүрлі негізгі
сұрағы деп
болмыстың
ойлауға
қатынасын
айтады**



Сұрақтың негізгі болуының мәні, маңыздылығы:

адамның (философияның басты міндеті болып табылатын) қоршаған дүние және ондағы адам орны туралы тұтас білім жинақтау, қандай сипаттағы жүйе құруын – дәл осы сұраққа беретін жауабына тікелей байланыстылығында. Материя және сана (рух) – болмыстың қарама-қарсы және ажырамас екі сипаты. Осыған байланысты философияның негізгі сұрағынан оның екі – онтологиялық және гносеологиялық жақтары туындайды.


Философияның негізгі сұрағының

онтологиялық (болмыстық) жағы

- «не бірінші: материя ма, әлде, сана ма?» деген сұрақпен беріледі.

гносеологиялық (танымдық) жағы

- «Дүние таныла ма, әлде танымнан тыс па? Таным процесінде не бірінші?»- деген сұрақ «Дүние таныла ма, әлде танымнан тыс па? Таным процесінде не бірінші?»- деген сұрақ



*. Философияның
негізгі сұрағына
беретін жауаптарына
қарай адамдар:*

Материалистерге

Идеалистерге

Дуалистерге



Материализм («Демокрит бағыты» деген атпен белгілі) – материя мен сана қатынасында «материя бірінші» деп санайтын философиялық бағыт.

Материалистер пікірінше:

1 Материя реалды тіршілік етеді, шын, ақиқат;

2 Материя санаға тәуелсіз тіршілік етеді (яғни материя өзі туралы ойлаушылардан және өзә туралы қандай да бір ойлаудан азат);

3 Материя дербес субстанция – өз тіршілігінде өзінен басқаны қажет етпейді;

4 Материя өзінің ішкі заңдары бойынша дамиды және тіршілік етеді;

5 Сана (рух) дегеніміз – жоғары ұйымдасқан материяның өзін-өзі (материяны) бейнелеу қасиеті (модусы);

6 Сана материя сияқты тіршілік ететін дербес субстанция емес;

7 Сананы анықтайтын – материя (болмыс).

*Материалист
ік бағыттың
негізгі
өкілдері:*

- *Демокрит; Милет мектебінің философтары (Фалес, Анаксимандр, Анаксимен); Эпикур, Бэкон, Локк, Спиноза, Дидро, т.б. француз философтары; Герцен, Чернышевский, Маркс, Энгельс, Ленин;*

*Материализмнің
артықшылығы*

- *ғылымға, әсіресе нақты және жаратылыстану ғылымдарына (физика, математика, химия, т.б.) сүйенуі, қағидаларының логика тұрғысынан берілетін түсініктердің жеткіліксіздігі.*

**ИДЕАЛИЗМ («ПЛАТОН БАҒЫТЫ») – МАТЕРИЯ МЕН САНА ҚАТНАСЫ
МӘСЕЛЕСІНДЕ САНАНЫ, (РУХТЫ) БІРІНШІ ДЕП ҚАРАСТЫРАТЫН
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БАҒЫТ.**

**Идеализм өз
ішінде екі ағымға
бөлінеді:**

**Объективті
идеализм (Платон,
Лейбниц, Гегель, т.
б.)**

**Субъективті
идеализм (Беркли,
Юм).**

Объективті идеализм концепциясы бойынша:

1Тек идея ғана реалды тіршілік ете алады

2Идея бірінші

3Бүкіл дүние «идеялар әлемі» және «заттар әлемі» болып екіге бөлінеді;

4«эйдостар» - «идеялар әлемі» Әлемдік ақылда бастапқыдан бар;

5«заттар әлемі» - материалды дүние дербес тіршілік ете алмайды, олар «идеялар әлемінің» көрінісі ғана;

6Әрбір жеке-дара зат сол заттың идеясының (эйдосының) көрінісі (мысалы, үй –жалпы үй идеясының көрінісі, кеме – кеме идеясының, ат-ат идеясының, т.б.);

7«таза идеяның» нақты затқа айналуында басты рөлді Жаратушы – Құдай атқарады.

*Объективті идеалисттерге керісінше,
субъективті идеалистер (Беркл, Юм, т.б.)
пікірінше: жеке адамның сапасынан тыс
материя да, рух та жоқ.*

*1 Барлық білім, құбылыс – танушы субъектінің
(адамның) санасында орын алған;*

2 Идеялар адам ақылында тіршілік етеді;

*3 Материалды заттардың образдары (идеялары) да тек
адамның ақылында болады.*

ИДЕАЛИЗМНІҢ ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

«таза идеялардың» бар екендігіне және олардың нақты заттарға айналуына (материя мен идеялардың пайда болу механизмі туралы) қисынды (логикалық) түсіндірмесінің болмауы.

Философиядағы негізгі полярлы бәсекелес бағыттар – материализм, идеализммен қатар, аралық (комформистік) ағымдар (дуализм, деизм) да бар.

Деизм жақтаушылары (негізінен VIII ғасырдағы француз азартушылары) Құдайдың бар екенін мойындағанмен дүниені жаратқаны болмаса жаратушы Құдай одан кейінгі дүние дамуына, адамдар әрекеті мен тағдырына қатыспайды деп түсінетін философиялық бағыт. Яғни, адамгершілік символы ретінде ғана болмаса, ешбір «билігі», «құзыры» жоқ Құдайды мойындау. Сонымен қатар деистер материяны жанды деп есептейді және материя мен рухты (сананы) қарсы қоймайды.

Дуализмнің негізін қалаушы Декарт болды.

Дуализмнің мәні мынада:

1 Бір-біріне тәуелді екі – материалды және рухани – субстанция бар;

2 Материалды субстанция дәйектілікке (протяженность) ие, ал рухани субстанция – ойлау қасиетіне ие;

3 Дүниедегінің бәрі осы аталған екі субстанцияның туындысы (модусы): материалды заттар – материалды субстанциядан, идеялар – идеалды субстанциядан туындайды;

4 Адамда осы екі – материалды және рухани – субстанциялар қатар және бірдей;

5 Материя және сана (рух) – бәртұтас болмыстың қарама-қарсы және өзара байланысты екі жағы;

6 Философияның негізгі сұрағы («не бірінші – материя ма, әлде сана ма?») деген жоқ, өйткені материя мен сана бірін-бірі өзара толтырады және әрдайым бірге өмір сүреді деп санайды.

Философия тарихындағы философияның негізгі сұрағының қарастырылуы:

№	Философиялық бағыт (мектеп)	Философияның негізгі сұрағының мәні	Өкілдері	Дәуірі
1	Буддизм	Жердегі бұл дүниелік азаптан қалай құтылуға болады	Гаутама, Будда, т.б.	Ежелгі дүние Жаңа заман
2	Үнді ортоксалды мектеп	Сансарадан, кармадан құтылып, мокшаға, рухани дүниелердегі ажалсыздыққа қалай жетуге болады?	Капила, Патанджали, Вьяса, Канада, Шанкара, т.б.	Ежелгі дүние Жаңа заман
3	Даосизм	Даоны тану және ажалсыздыққа жету	Лао-Цзы, т.б.	Ежелгі дүние Жаңа заман

4	Антикалық философиялық мектептер	Барлық заттар негізінде не жатыр? (нағыз болмыс деген не?)	Фалес, Пифагор, Анаксимен, Анаксимандр, Гераклит, Парменид, Демокрит, Платон, Аристотель, т. б.	Ежелгі дүние
5	Христиандық философия	Құдай деген не (кім)?	Августин, Ориген, Ұлы Василий, Фома Аквинский	Орта ғасыр
6	Суфизм	Құдаймен бірігу	Әл-Мысри, Әл-Мухасиби, т.б.	Орта ғасыр Жаңа заман

7	Оккульттік философия	Адам мәнінің трансмутациясы және рухани ажалсыздыққа жету жолы	Ұлы Альберт, Раймонд Луллий, Никола Фламмель, Якоб Беме, Парацельс, Евгений Филалет	Жаңа заман
8	Эмпиризм және рационализм	Ғылыми және философиялық танымның ең дұрыс әдістері қандай?	Бэкон, Декарт, Спиноза, Лейбниц.	Жаңа заман
9	Неміс классикалық философиясы	Мен не біле аламын? Мен не істеуім керек? Мен неден үміттенемін аламын?	Кант	Жаңа заман

10	Неміс классикалық философиясы	Абсолютті рухты тану және оның дамуының диалектикалық логикасы	Гегель	Жаңа заман
11	Диалектикалық материализм (марксизм)	Материя мен рухтың арақатынасы: а) не бірінші: материя ма, әлде рух па? б) рух материяны тани алады ма?	Маркс, Энгельс, Ленин, т.б.	Жаңа заман Қазіргі заман
12	Неопозитивизм	Нағыз ғылыми таным	Шлик, Карнап, Нейрат, Рассел, т.б.	Қазіргі заман
13	Лингвистік философия	Тіл мәселесі	Хайденгер, Камю, Сартр, Марсель, Ясперс, т.б.	Қазіргі заман

14	Экзистенциализм	Адам мәселесі	Хайденгер, Камю, Сартр, Марсель, Ясперс, т.б.	Қазіргі заман
15	Эзотерикалық философия (теософия, Храм ілімі, Жанды этика, т.б.)	Дүниені тану. Адамды және дүниені жетілдіру	Махатма, Блаватская, Ла Дью, Рерих, т.б.	Ежелгі дүние Қазіргі заман


Философияның негізгі сұрағының гносеологиялық жағына қатысты екі бағыт туындайды

эмпиризм (сенсуализм)

Эмпиризм («эмприо» сезімдік тәжірибе»)-біліміміздің қайнар көзі –сезімдік тәжірибе деп түсінетін философиялық бағыт. Негізін қалаған – Фр.Бэкон. эмпиристер таным негізін сезімдер мен тәжірибе ғана құрайды деп санайды-(Сезім мен тәжірибеде болмаған нәрсе ойлауда (ақылда) да болмайды». Яғни ойлауда бар нәрсе тек сезімдік тәжірибе арқылы алынады, тек сезім арқылы өтеді

рационализм

Рационализмнің (латынның ratio-«ақыл» сөзінен) негізін қалаушы Р.Декарт деп саналады. Рационализмнің басты идеясы – ақиқат білім тек ақылдан, тікелей ақылдан алынады және сезім мен тәжірибеге тәуелсіз. Өйткені біріншіден, реальды тіршілік ететін (нәрсе, құбылыс) – күмәндану ғана, ал күмәндану – ойлаудың әрекеті. Екіншіден, ақылға ғана тән, ешбір тәжірибелік дәлелді қажет етпейтін ақиқаттар (аксиомалар) бар. «Құдай бар». «квадраттың бұрыштары тең», «бүтін өзінің бөліктерінен үлкен. Т. б.» аталған бағыттардың ішінде иррационализм (Ницше, Шопенгауэр) айрықша сипатымен ерекшеленеді. Иррационалистер түсінігінде дүние дегеніміз -ішкі логикасы жоқ, ақылмен танылуы мүмкін емес хаос



**Гностицизм өкілдері (әдетте
материалистер) пікірінше:**


1 дүние танылады

2 таным мүмкіндіктері шексіз

**Агностикилер (әдетте
идеалистер) түсінігінде:**

1 дүние танылмайды;

*2 таным мүмкіндіктері адам
ақылының мүмкіндіктерінен
шектеледі*



Философияның даму тарихында философиялық зерттеулердің іске асуына құрал ретінде пайдаланылған және пайдаланылатын әдістер:

диалектика

метафизика

Догматизм

Эклектика

Софистика

герменевтика

Диалектика

- – заттар мен құбылыстардың ішкі қайшылықтарын, олардың өзгеру, даму ерекшеліктерін, себеп салдарлық байланыстарын, қарама – қарсылықтың бірлігі мен күресін ескере отырып, қарастыратын зерттеу әдісі.

Метафизика

- диалектикаға қарама қарсы әдіс. Метафизика объектілері:
- 1 байланыста емес, жеке-дара;
- 2 статикалық сипатта (объектілердің тоқтаусыз, өзіндік қозғалыстары, өзгереді, дамуы ескерілмейді);
- 3 абсолютті ақиқатты іздестіруде қайшылықтарға мән бермей, қарама-қарсылықтардың бірлігін елемей, біржақты қарастырады.

Догматизм

- қоршаған дүниені догматтар шеңберінде – «жоғарыдан берілген», абсолютті дәлелдеуді қажет етпейтін мызғымас сенімдер, көзқарастар тұрсынан ғана қарастыратын және қабылдайтын ойлау әдісі. Бұл әдіс ортағасырлық теологиялық философияға тән.

Эклектика

- біртұтас творчествоға енбейтін түрлі, еркінше алынған фактілерді, ұғымдарды, концепцияларды біріктіру нәтижесінде сырт қарағанда шын көрінгенмен үстірт ақиқаттан алыс жатқан тұжырымдар жасау. Әдетте эклектика бұқаралық санаға ықпал ету мақсатында, реалды онтологиялық, гносеологиялық негіз бен құндылығы жоқ көзқарастарды, идеяларды насихаттауда пайдаланылады. (ортағасырларда – діни мақсатта, қазіргі заманда- жарнамалауда).

Софистика

- ақиқат болмаса да ұтымды құрастырылған жалған алғышарттардан жаңа, логикалық тұрғадан дұрыс, бірақ мағынасы жалған ойқортынды жасау әдісі. Софистика Ежелгі Грецияда кең тарады: шешендік өнердің ақиқат білім алу жолы емес, пікір – сайыстарда «кімге болмасын, ненің болмасын дұрыстығын» дәлелдеу тәсілі ретінде арнайы оқытылды

Герменевтика

- мәтіндер мағынасын дұрыс оқу және түсіндіру әдісі. Герменевтика Батыстық философияда кең таралған.

ӘРІ ФИЛОСОФИЯДАҒЫ БАҒЫТТАР, ӘРІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ДЕП:

Материалистік әдіс

- дүниені реальды тіршілік ретінде, ал материяны-бастапқы субстанция, сананы- материяның модусы- материяның көрінісі деп қарастырады. Материалистік – диалектикалық әдіс Советтік (Кеңестік) философияда үстемдік етті және қазіргі ресейлік философияда кең тараған

Эмпиризм

- таным процесі мен білімнің негізінде сезімдік таным- түйсік арқылы алынатын тәжірибе жатады деп түсінетін танымдық әдіс және бағыт. («сезім мен тәжірибеден өтпегеннің ойда болуы мүмкін емес»).


Рационализм

- философиядағы бағыт және философиялық әдіс. Рационализм «нағыз шын білім сезім мен тәжірибенің әсерінсіз, қатынасынсыз, тек ақыл арқылы (яғни, ақылдың өзінен) алынады» деп есептейді. («Барлық нәрсеге күмән келтіруге болады, ал күмәндану- ойдың, ақылдың жұмысы»)

Философиядағы басты ағымдар

Көп ғасырлы философия тарихында пайда болған түрлі ілімдердің саны өте көп болғандықтан философиялық мектептер мен ағындарды қандай да бір негізге сүйене отырып қана бәріне болады. Онтологияда болмыстың бастапқы негіздерінің екі сипатына: **санына және сапасына** – негізделген екі классификация қабылданған.

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ІЛІМДЕРДІ
БАСТАПҚЫ НЕГІЗДЕРНІҢ САНЫ БОЙЫНША
КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ НӘТИЖЕСІНДЕ:**



Монизм

болмыста бір ғана бастапқы негіздің болуы мойындалатын философиялық ілім. Философия тарихындағы барлық дәйекті материалистер (Августин, Фома Аквинский, Гегель)- монистер болып табылады

Дуализм

болмыста екі бастапқы негіздің болуы мойындалатын философиялық ілім. Философия тарихындағы ең алғашқы дуалист- Аристотель. Дуалистер қатарына Декартжәне Кант жатады.

Плюрализм

болмыста екіден көп бастапқы негіздердің болуы мойындалатын философиялық ілім. Плюрализм негізінен Ежелгі дүние философиясында жиі кездеседі: мысалы, Эмпедокл түпнегіз ретінде төрт стихияны (Жер, От, Су, Ауа) және екі күшті атаған (Махаббат және Араздық)

Онтология, гносеология және әлеуметтік философиядағы «монизм», «дуализм», «плюрализм» терминдері

Онтологияда	Болмыстағы бастапқы негіздер санының сипаттамасы
Гносеологияда	Танымкөздерінің санының сипаттамасы
Әлеуметтік философияда	Жетекші саяси күштер немесе әлеуметтік факторлар санының сипаты

Философиялық ілімдері бастапқы негіздерінің сапасына қарай классификациялау

Материализм

- Ежелгі заманда Үндінің чарвака мектебінде дамыды. Европалық философиядағы материализмнің бастауында Демокрит тұр. Әйтсе де мәнді рольді материализм Ағарту дәуірінен атқара бастады (Дидро, Гольбах, Фейербах, Маркс, т.б).

Идеализм

- болмыстың бастапқы негізі ретінде объективті тіршілік ететі, яғни адам санасынан тыс және тәуелсіз өмір сүретін идеялы мән мойындалатын философиялық бағыт. Материализм және идеализм- бір- біріне қайшы келетін екі қарама- қарсы бағыт

Объективті идеализм

- болмыстың бастапқы негізі ретінде объективті тіршілік ететін, яғни адам санасынан тыс және тәуелсіз өмір сүретін идеялы мәнің болуын мойындайтын философиялық ағым.

Субъективті идеализм

- болмыстың бастапқы негізі ретінде адам санасы, адами «мен» мойындалатын философиялық ағым. Барынша толық көрінісін субъективті идеализм Ежелгі Үндіде пайда болған буддистік философиядан тапты. Ал, европалық философияда субъективті идеализмнің негізін қалаушы –Беркли деп санады. Бұл ағымға сонымен қатар Юмді, Кантты, экзистенциализм мен феноменологиялық философия өкілдері жатқызады

ПАНТЕИЗМ, ГИЛОЗОИЗМ ЖӘНЕ ДЕИЗМ

Пантеизм

- Құдай (идеалды бастама) және табиғат (материалды бастама) теңестірілетін философиялық ағым: «Құдайдан тыс табиғат жоқ, табиғаттан тыс Құдай да жоқ». Пантеизм Қайта Өрлеу дәуірінде пайда болды. Оның идеяларын кузалық Николай, Джордано Бруно дамытты. Ал, Жаңа Замандық пантеистік сарындар Шелингтің, Гегельдің, В.Л.Соловьевтің философиялық жүйелерінде көрініс тапты.

Гилозоизм

- тірі және өлі табиғаттың жандылығын насихаттайтын философиялық ілім. **Гилозоизм** Ежелгі Заманда (мысалы, Фалестің, Гераклиттің, Стоиктердің ілімдерінде) пайда болды. Антикалық гилозоизм пантеизмге теориялық фундамент болды

Деизм

- «Құдай дүниені жаратушы» деп, бірақ «дүниені жаратып, және оның заңдарын қоса шығарып бергенмен Құдай одан кейінгі пәнилік істерге араласпайды, бұл дүние өз заңдарымен дамиды» деп санайды. Деизм - объективті идеализмнің ерекше түрі және объективті идеализм мен материализмге баратын жолдағы өтпелі кезең болды. Деизм ХУІІ ғасырда пайда болғанмен ағартушылық дәуірде ерекше кең таралды. Деизмнің бастауында Декард, Ньютон, Локк тұр. Көрнекті деистердің қатарына Вольтер, Руссо, Кант, Ломоносов жатады.

ОНТОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

Космос- ежелгі грек тілінен аударғанда «тәртіп» деген мағына береді. Космос немесе тәртіп антикалық философияда, тәртіпсіздік, жүйесіздік ретіндегі хаосқа қарсы қойылды.

Космология – ғарыш және дүние құрылысы туралы ілім.

Космогония-дүниенің шығу, қалыптасу қазіргі жағдайға дейінгі даму процесі туралы ілім.

Космогения - дүниенің пайда болу, қалыптасу процесі

Дүниенің танылу мәселесі

<i>Агностицизм</i> <i>Дүние еш танылмайды</i>	<i>Релятивизм</i> <i>Дүниенің бір бөлігі ғана субъективті түрде танылуы мүмкін (ақиқат әрдайым салыстырмалы)</i>	<i>Дүние танылады</i>
<i>Ежелгі Дүние дәуірі</i> <i>Буддизм</i> <i>Антикалық скептицизм</i> <i>(Пиррон, Секст Эмпирик)</i>	<i>Ежелгі Дүние дәуірі</i> <i>Софистика</i>	<i>Ежелгі Дүние дәуірі</i> <i>Дүниенің жоғарғы мәнін идеяларды адым жаны оларды еске түсіру арқылы таниды (Платон). Дүние сезімдік және рационалды таным арқылы танылады (Аристотель)</i>
<i>Ортағасырлық дәуір</i>	<i>Ортағасырлық дәуір</i> <i>Христиандық ислам</i> <i>Ислам</i>	<i>Ортағасырлық дәуір</i> <i>Табиғат (жаратылған дүние) танылады, ал Жаратушыны тану мүмкін емес.</i>
<i>Қайта Өрлеу</i> <i>Ренессанстық скептицизм</i> <i>(Монтень)</i>	<i>Қайта Өрлеу</i>	<i>Қайта Өрлеу</i> <i>Жаратушы да оның жаратқан дүниесі де интеллектуалды интуиция арқылы танылады (Николай Кузанский)</i>
<i>Жаңа Заман Дәуірі</i>	<i>Жаңа Заман Дәуірі</i>	<i>Жаңа Заман Дәуірі</i>

Әдебиеттер:

Негізгі:

- 1. Антология мировой философии. В 4-х. Т. М: Мысль, 1969-1972.
- 2. Барулин В. С. Социальная философия. М., 2000.

Қосымша:

- 1. Альжанова У.К., Бегалинова К.К. История философии. Алматы, 2001.
- 2. Ғабитов Т. Х. Философия алматы, 2005.
- 3. Әбішев Қ. Философия. Алматы. 2001.
- 4. Бегалинова К.К. История восточной философии. Семипалатинск, 2000.
- 5. Ж.Алтай, А.Қасабек, Қ.Мұқамбетәли. Философия тарихы. Алматы, 1999.
- 7. Спиркин А.Г. Философия М., 2
- 8. Тұрғынбаев Ә. Х. Философия Алматы, 2001.

Проблемалық сұрақтар (пікір-таласқа арналған):

- Болмыс дегеніміз не ?
- Болмыс пен болмыс еместің ара-қатынасы
- Болмыс ұғымын философияға алғаш енгізген кім?
- Онтология дегеніміз не ?
- Онтологияның негізгі түрлерін атаңыз ?
- Болмыс және болмыс емес мәселесі турасында не ұқтыңыз ?
- Адам болмысының өзіндік ерекшеліктері неде ?

The image features a light pink background with decorative floral and vine motifs in a darker pink shade. In the top-left corner, there are large, stylized flowers and swirling vines. In the bottom-right corner, there are thinner, more delicate vines with small leaves and buds. The central text is written in a bold, dark pink, serif font.

**НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**